

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы 2002 жылғы 5 сәуір N 121 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 30 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1839. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 мамырдағы N 176 ~V021891 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру және зейнетақы активтерін шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына орналастыру кезінде зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 V980642_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) аталған қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар):

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - Ұлттық комиссия деп аталады)" деген сөздер "бағалы қағаздар рыногындағы қатынастарды реттеу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қағидалардың барлық мәтіні бойынша түрлі септіктердегі "Ұлттық комиссия", "Ұлттық комиссияның Директораты" деген сөздер тиісті септіктегі "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) шетелдік эмитенттердің осы Қағидалардың 3-2-тармағының 1)-3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес бағалы қағаздары және шетелдік мемлекеттердің осы Қағидалардың 3-3-тармағының талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздары - 10%-тен көп емес және шетелдік

эмитенттердің осы Қағидалардың 3-2-тармағының 3-1)-3-3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес бағалы қағаздары - 10%-тен көп емес;"

3-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3-2. Компания шетелдік эмитенттердің мынадай мемлекеттік емес бағалы қағаздарын сатып алуға құқылы:

1) "AA"-дан ("Standart & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Aa2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздарды;

2) борыштық бағалы қағаздарының "AA"-дан ("Standart & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Aa2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес эмитенттердің акцияларын;

3) "AA"-дан ("Standart & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Aa2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтинг бағасы эмитенттердің бағалы қағаздарын осы бағалы қағаздарды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға уәкілетті органның рұқсат етуі шартымен;

4) "A"-дан ("Standart & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздарды;

5) борыштық бағалы қағаздарының "A"-дан ("Standart & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес эмитенттердің акцияларын;

6) "A"-дан ("Standart & Poor's" және "Fitch IBCA" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтинг бағасы эмитенттердің бағалы қағаздарын осы бағалы қағаздарды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға уәкілетті органның рұқсат етуі шартымен.";

2) аталған қаулымен бекітілген Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына V980641_ :

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - Ұлттық комиссия деп аталады)" деген сөздер " бағалы қағаздар рыногындағы қатынастарды реттеу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қағидалардың барлық мәтіні бойынша түрлі септіктердегі "Ұлттық комиссия" , "Ұлттық комиссияның Директораты" деген сөздер тиісті септіктегі "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күннен кейін күшіне енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі тұлғаларына, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамына, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетіне, кастодиан-банктерге, бағалы қағаздар рыногының өзін-өзі реттейтін ұйымдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.
Икебаева Ә.Ж.